

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ. №34 ОРТА МЕКТЕБІНДЕ ТАМАҚТАНДЫРУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ САПАСЫНА ЖҮРГІЗІЛГЕН МОНИТОРИНГ

Мектеп оқушыларын мектепте ыстық тамақпен қамтамасыз ету оқушының денсаулығына, дұрыс өсіп жетілуіне ықпалын тигізеді. Мектепте оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету алға қойылған.

«Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығын (14 желтоқсан 2022ж. өзгерістер мен толықтыру), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары» №76 бұйрығын (05.04.2023 өзгерістер) басшылыққа алып, мектеп асханалары қызметінің тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкес №34 орта мектебінде төмендегідей іс-шаралар жүргізілді. Оқу жылының басында ыстық тамақты ұйымдастыру жұмыс жоспары, асханадан тамақтандыруды ұйымдастыруға жауапты қызметкерлер бекітілді.

Оқушыларды асханадан тамақтандыруды ұйымдастыруға жауаптылар

жауаптылар аты-жөні	лауазымы	тамақтандыруды ұйымдастыруда атқаратын қызметі
Утебаева Ботакөз Романовна	директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	жалпы ұйымдастыруға басшылық, есеп жүргізу
Азаматова Гаухар Куттигуловна	әлеуметтік педагог	оқушылардың уақытылы тамақтануын ұйымдастыру; кесте құру; жекелеген санатты оқушылардың тамақтануын бақылау
Мамбеталина Алия Кидирбаевна	директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары	санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын бақылау, электр,су,жылу жүйелерімен қамтамасыз ету
Ержакипова Гүлфия Серікқызы	асхана меңгерушісі	асхана мәзірі, ас дайындауға қажетті құжаттарды жүргізу, материалдарды жаңарту, толықтыру, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау
Жамалова Қаламқас Абдуалиқызы	аспазшы	ас дайындау, ас сапасын сақтау; оқушыларға уақытылы ас беру
Төлеген Шынтас	бас есепші	бөлінген қаражатты есептеу
Тұңғат Әсел Нұрлыбекқызы	мектеп медбикесі	ас сапасын, асхана тазалығын, оқушылар денсаулығын бақылау
Жусипова Тілектес	ата-аналар комитетінің төрайымы	тамақтандыруды ұйымдастыру жұмысын бақылауға алу

Мектеп асханасында тамақтану сапасына мерзімдік бағалау жасап, мониторинг жүргізетін бракераж комиссиясының құрамы бекітілді:

- 1) Комиссия төрайымы – мектеп директоры А.Ж. Айзакова
- 2) Қамқоршылық кеңесінің төрайымы- А.А.Кокимова
- 3) Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Утебаева

- 4) Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары А.К.Мамбеталина
- 5) Мектеп медбикесі Ә.Н.Тұңғат
- 6) Ата-аналар төрайымы Т.М.Жусипова
- 7) Әлеуметтік педагог Г.К.Азаматова

Бракераждық комиссия мүшелері жеткізілетін тамақ өнімдерінің сапасын, тағамдарды дайындау технологиясын, мәзірдің дұрыс жасалуын, азық-түлік пен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуын қадағалап, мониторинг жүргізіп отырады. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуді бақылау үшін ай сайын асхана жұмысына тексеру жүргізіп, тексеру нәтижесінде акт толтырады.

Мектеп асханасы таңертеңгі 8.00-17.00-ге дейін жұмыс жасайды. Асхананы жеке кәсіпкер Ержакипова Гульфия жалға алып отыр. Мектеп асханасында аспасшы және аспасшының көмекшісі жұмыс жасайды. Асхана қызметкерлерінің медициналық кітапшалары бар, санитарлық тексерістен өтілген. Мектеп асханасында ұсынылатын тағамдар сапасы нормативке сай. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында жаңа оқу жылынан бастап Қазақстанның барлық өңірлерінің бастауыш класс оқушылары әлеуметтік мәртебесіне қарамастан тегін тамақтандырылуда.

Ыстық тамақ Ақтөбе облысындағы жалпы білім беретін мектептердің тамағын ұйымдастыру бойынша жұмыс тобының хаттамасы бойынша білім басқармасы басшысы бекіткен, **Ақтөбе облысы бойынша жалпы білім беретін мектептердің жекелеген санаттағы және 1-4 сыныптардың барлық оқушыларына тегін ыстық тамағын ұйымдастыруға арналған 2 апталық ас мәзіріне** сәйкес дайындалады.

Әлеуметтік көмекті қажет ететін жекелеген санаттағы оқушылар ҚР Үкіметінің 64 қаулысы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығының 10-қосымшасына сәйкес "Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына (2023.28.04. берілген [өзгерістер мен толықтыруларымен](#)) сәйкес мектеп асханасынан тегін тамақтануға **19** оқушының ата-аналарынан өтініштер қабылданып, тиісті құжаттар жинақталды. Жекелеген санаттағы оқушылардың ішінде 5 оқушы ата-анасы атаулы әлеуметтік көмек алады, 9 оқушы- күнкөрісі төмен, 5 оқушы алқалық комиссия шешімімен есепке алынған. Тамақтану кестесіне сай, I ауысымда сағ.09.25-09.40 аралығында 9 оқушы, II ауысымда 10 оқушы 14.55-15.10 уақыты аралығында тамақтанады. Оқушылардың күнделікті тамақтануы әлеуметтік педагог пен класс жетекшілер тарапынан бақыланады.